В лагере дети получают отличную возможность проявить свои таланты. Здесь ежедневно проводятся большие концерты, где главными действующими лицами становятся ребята! Не стоит забывать, что в «Балдаурене» дети также получают много знаний, которые пригодятся им в дальнейшей жизни. Например, они обязательно проходят курс первой помощи пострадавшим. Для девочек проводятся занятия связанные с воспитанием ребенка. Огромное количество конкурсов, в том числе на лучшую прическу (у юной леди) и ориентирование на местности (у джентльменов). В программу отдыха включены и экскурсии. Дети обязательно посетят красивейшие места Борового, посидят ночью у костра, пройдут туристическими тропами. Предусмотрены экскурсионные поездки в Астану, с посещением самых красивых достопримечательностей: «Байтерек», «Океанариум», «Думан», «Пирамида» и т.д. В конце сезона обязательно будет прощальный фейерверк, который оставит в сердцах детей самые яркие и теплые воспоминания.

## «АЛМА ТАУ»

Детский оздоровительный центр «Алма Тау» расположен в 30 км от Алматы, в предгорьях Заилийского Алатау – это один из самых живописных районов Алматинской области. В лагере имеются 2-х этажные жилые корпуса со стандартными 2-4-х местными номерами (санузел и душ на этаже), медицинский и столовый корпуса (питание пятиразовое).

«Алма Тау» предоставляет возможность ребенку изменить свою позицию в лучшую сторону, избавиться от стереотипов, которые сложились в семье или школе, по-иному проявить себя в новой роли. Здесь детям помогут раскрыть свой потенциал, проявить личную инициативу, завоевать уважение среди окружающих.

Стремление, расположенность к творчеству являются важнейшими условиями и стимулом развития личности. В детском лагере разработана специальная программа развития творчески активной позиции личности. Она включает в себя создание положительного эмоционального климата в коллективе, способствует социализации и воспитанию личности, создает игровую модель, содержащую в себе разнообразие видов и форм деятельности, и позволяющую наиболее полно раскрывать творческие способности.

Для реализации поставленных задач проводится работа с детьми в условиях социально-психологического тренинга, организация тематических дней и сюжетно-ролевых игр, составление и проведение обучающих занятий, интеллектуальных игр, конкурсных программ, различных спортивных соревнований (футбол, настольный теннис, шахматы и др.).

Специалисты считают, что реализация данной программы поможет детям овладеть коммуникативными, творческими, декоративно-прикладными и другими навыками.

Кроме того, лучшими программами ДОЦ «Алма Тау» считаются:

- *Открытие лагерной смены* – традиционное красочное действие, включающее флаг-шоу и исполнение общелагерного зажигательного танца;

- *Туристический поход* – это великолепная проверка и воспитание личных качеств в экстремальных условиях, знакомство с живописной природой и историей родного края. Поход включает в себя 5-ти часовой переход от лагеря к ущелью.

- *Сокровища Берендея* – Увлекательная игра. Ребята должны найти клад на территории лагеря, выполняя различные задания, и спасаясь от разбойников.

- *Miss и Mister «Алма Тау»* - в строгом конкурсе побеждают лучшие из лучших!

- *Звездный час* – интеллектуальная игра, позволяющая юным эрудитам показать свои знания, а всем остальным – восполнить пробелы!

- *Best Comandas* – программа командообразования, спортивная игра. Все отряды проходят по этапам, побеждает самый дружный и сплоченный отряд. Это проверка работы в команде, выявление лидеров, сплочение, выработка командного духа.

- *Фабрика звезд* – музыкально-танцевальная познавательная программа.

- *Королевская ночь* – последняя ночь смены. У прощального костра все обмениваются памятными ленточками с пожеланиями друг другу. Праздничный ужин, концерт, дискотека.

Кроме того, во время отдыха в «Алма Тау» ребята смогут заниматься в детских мастерских: «Наш театр», «Dance studio», «Корпорация поделок» и «Художка». Для детей также предусмотрены поездка в город Капчагай для посещения аквапарка и экскурсии по городу Алматы с посещением аттракциона «Мир фантазий», парков, музеев.



## «ЗВЕЗДНЫЙ»

Летний лагерь «Звездный»: расположен в сосновом бору, неподалеку от озера Катарколь в Щучинско-Боровской курортной зоне.

Уютные жилые 2-х и 4-х-этажные корпуса (3-4-х местные комнаты), столовая, учебные классы, игровые и спортивные площадки — все сделано для ребят с любовью. Питание пятиразовое. В лагере имеются футбольное поле, волейбольная площадка и площадка для игр, необходимый набор спортивного инвентаря и оборудования.

В ДОЦ «Звездный» расположены специальные крытые помещения для проведения праздников и развлекательных программ при неблагоприятных погодных условиях, также имеются площадки для проведения церемоний открытия и закрытия смен, павильоны для развития творческих способностей детей и молодежи, фитнесс-класс, компьютерный зал, библиотека.

Оздоровительный центр обеспечен нормативными, правовыми документами по охране здоровья детей и молодежи. Имеет педагогическую концепцию и программу, план-сетку на все смены для участников воспитательного и образовательного процессов с учетом возрастных и психологических особенностей детей, лицензию на образовательный и воспитательный процесс, для занятий с ребятами привлекаются высокопрофессиональные специалисты.

Каждый день в «Звездном» разумно спланирован и насыщен полезными и интересными мероприятиями (спортивные олимпиады, дискотеки, купание в минеральных озерах и т.д.). Кроме того, предусмотрены экскурсии по Боровому (Окжетпес, Жумбактас, поляна Аблайхана и т.д.) и Астане: «Байтерек», «Думан», «Океанариум» и др.

## «САЛЕМ»

Детский оздоровительный лагерь «Салем» находится в Ремизовке, в 2 км. от проспекта Аль-Фараби в городе Алматы. Это селебезопасный и экологически чистый район в предгорьях Заилийского Алатау с замечательной природой и чистым воздухом.

На территории в 6 гектар расположены 9 корпусов со всеми удобствами. Территория лагеря благоустроена, оборудована футбольной, волейбольной и баскетбольной площадками, амфитеатром, открытым бассейном с детским отделением, игровым залом.

Руководитель лагеря и коллектив воспитателей - профессиональные педагоги с многолетним опытом работы. Вожатые - студенты высших учебных заведений города Алматы, с опытом работы с детьми и прошедшие соответствующие курсы подготовки. Стоит отметить, что персонал лагеря - двуязычный (свободно владеет казахским и русским языками). Все программы в лагере проводятся на двух языках.

Дети обеспечиваются сбалансированным и полноценным 5-ти разовым питанием. В лагере работают профессиональные повара, обеспечивающие качественное приготовление пищи по утвержденной технологии. Вся пища готовится только из свежих высококачественных продуктов.

Один из важнейших факторов работы оздоровительного центра «Салем» - это безопасность детей. Все действия детей и их местонахождение находятся под бдительным контролем вожатых и сотрудников нашего лагеря. Имеется круглосуточная полицейская охрана.

Во время отдыха в «Салеме» детей ждут познавательные, творческие, развлекательные программы, многочисленные спортивные соревнования, игры, всевозможные конкурсы и вечерние концерты. Ребята могут заниматься в различных кружках и клубах по интересам (танцы, пение, рисование и т.д.). Кроме того, планируются выступления артистов цирка Казахстана, России, Узбекистана, с участием фокусников и дрессировщиков, творческие встречи с известными актерами отечественного кино и эстрады, экскурсии в город.

## «АЛАУ»

Детский оздоровительный центр «Алау» расположен на берегу Каспийского моря. В свое время – это был единственный летний лагерь, в котором могли насладиться отдыхом дети работников АО «Мангистаумунайгаз». «Алау» функционирует с 1989 года.

Сегодня «Алау» принимает 4 потока, в каждом из которых по 240 детей. Ребят ожидают в лагере пятиразовое питание (на десерт подаются фрукты и овощи), а также насыщенная спортивная и культурно-развлекательная программа. На территории лагеря находятся спортивные площадки, библиотека, медпункт. Однако настоящим украшением оздоровительного центра, стал построенный в прошлом году бассейн, он сразу же стал излюбленным местом купания детей. В нем вода теплая, и поэтому ребята не хотят выходить из бассейна.

В течение всего периода отдыха дети находятся под бдительным присмотром вожатых из Мангистауского гуманитарного колледжа, с которыми «Алау» сотрудничает уже шесть лет.

Каждый день рябят ожидают увлекательные спортивные соревнования (турниры по мини-футболу, баскетболу, волейболу), просмотр кино и видео фильмов, культурно-массовая программа, дискотека.

Добро пожаловать в Алау!

***Подготовили Рысханым Агизова, Есназар Султанов***

МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНА – 50 ЖЫЛ

# АРДАГЕР БАРЛАУШЫ ҚАЙЫП АЗАНБАЙҰЛЫ

**Жетібай кенішінің аңызына айналған алтыншы ұңғыдан атылған алғашқы мұнай фонтанының тағы бір куәгері – бүгіндері арамызда жүрген ардагер-мұнайшы Қайып Азанбаев ағамыз.**



Бала Қайып барлаушы-мұнайшы болуды сонау мектепте жүргенде армандаған екен. 1958 жыл. Қайыптың Форт-Шевченко қаласындағы Киров атындағы орта мектепті бітіргелі жатқан кезі. Ол кездерде «профориентация» деген болды мектептерде, қазақша айтқанда – болашақ өмірлерінің арқауы болар кәсіп таңдауға жас жеткіншектерге бағыт-бағдар беру жұмысы. Соғыстан кейінгі жылдар. Өркендеп келе жатқан өндірісте адам қолы жетіспейді. Бас көтерердің көбісі майданда қаза тапқан, ал соғыстан қайтқандарының көбісі жарымжан-мүгедек.

Бірде бұлардың класына ұстаздары екі-үш адамды ертіп келіп жиналыс өткізді. Жаңағылар жаңадан ашылып жатқан «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің және аудандық комсомол комитетінің өкілдері екен. Мақсаттары – биылғы мектеп бітірушілерді бұрғылау алаңына жұмысқа тарту, яғни, жергілікті жас ұландарды жұмысшы мамандықтарына баулу.

–Туған жерлеріңіздің байлығын ашып, ел игілігіне жаратуға атсалысыңдар, сендер Маңғыстау байлығын алғашқы болып игеруге мүмкіндік алып отырсыңдар, – деп, тілек білдіргендерге комсомолдық жолдама берілетінін, кейін осы саланың жоғарғы оқуына түсу мүмкіндіктерінің бар екендіктерін айтып, мектеп бітіргелі отырған жастарды қызықтырды. Олардың сөздерін мұғалімдері де қолдап, Маңғыстау қойнауын игеру – бұл үкіметіміздің елге көрсетіп жатқан қамқорлығы екендіктерін айтып, қолдап-қолпаштады.

Жастардың көпшілігі, әсіресе ер балалар жағы сөзге келместен келісімдерін беріп жатты. Мектептің соңғы қоңырауы шалынып, тәуекелге бел буған Киров мектебінің түлектері трестің кеңсесі алдынан тіп-тіке бұрғылау алаңына жүк машинасының астауына отырып, аттанып кетті. Қайыптың әлі есінде, олардың ішінде ауылда тай құлындай тебісіп бірге ойнаған кластастары – Арғынбаев Демесін, Әлібаев Көшербай, Қожықов Бөгенбай, Текебаев Сайын, Қанатбаев Нұрмұхан, Сүйіндіков Ізтұрған, Ысықбаев Алпан, Ізбасаров Нұралы, Нұртаев Мүсін, т.б. 14-15 шамалы (бұларға ауылдан келгендер де қосылған) мектеп түлектері сол кездегі барлаушылар орталығы, «разведкі ауыл» атанатын Имағанбет жеріне күн бата келіп жетті. Келсе, аты жер жарған орталықта небәрі жерден қазылған 3-4 жертөле ғана бар екен. Өндірісте адам қолы жетіспейтін кез, бұларды кәдімгідей үлкен жұмысшылар келгендей партия бастығы Үсенов Дүйсен, инженері Тәжиев Хасан құшақ жайып қарсы алып, жұмыстарын түсіндірді. Бұлардың жұмыс істейтін бұрғылау қондырғысы әлі монтаждалып біте қоймаған екен. Бірінші кезектегі міндет – жертөле қазып алу болды. Оның бірін жатар орын – жатақхана қылмақшы да, екіншісін қысқа мерзімдік курстан өткізетін оқу орны қылмақ.

Көп кідірмей жертөле де дайын болды, сөйтіп оқу да басталып кетті. Мұғалім – инженер Хасан Тәжиев. Оқудың көбіне практикалық жағына назар аударылды, сондықтан да бұлардың көп уақыты мұнара басында өтетін. 15 күнде оқу да бітті, бұлардан емтихан алып, қолдарына куәлік береді де бірден жұмысқа салып кеп жібереді. Ырғалып-жырғалып жүретін жағдай жоқ, бәрін тез, ширақ қимылдап істейтін қысылтаяң уақыт. Бұл кезде Қызан алаңында үш бұрғылау бригадасы бар екен. Бірін Төлеген Құрманов, екіншісін Салық Рысқалиев, үшіншісін Игорь Кузнецов басқаратын. Форттан келген жігіттерді осы үш бригадаға бөлген. Бұрғы 2300-2500 метр тереңдікке жеткен кезде зерттеу нәтижелері бұл өңірді одан әрі бұрғылаудың тиімсіздігін көрсеткен.

Барлаушылар 1959 жылы геологтардың болжауынша перспективалы алаң Жетібай жеріне көшіріле бастады. Қайып та сол көштің соңғы жағын ала Алпан Ысықбаев, Сайын Текебаев үшеуі жүргізуші Ізбас Қарамұрзиевтің жүк тиеген «МАЗ» машинасымен Жетібайға түнделетіп жетті. Не жер екендерін де білмейді, таңертең қараса, бір жағы төбелік, екінші жағы тегістік, қалың жусан, итсигек, адыраспан өскен жер екен. Мұнда да мұнаралар әлі монтаждалып болмапты. Басында монтажшыларға көмек көрсетіп жүрген бұларды, кейін бұрғылау бригадасына бөлгенде, Қайып №6 скважинаны бұрғылап жатқан Николай Петрович Петровтың қарамағына тап болады. Петров бұрын Қызанда бұрғышы болған еді. Осы кезде басшылар балаң жігіттер Қайып пен Саханов Шәкірт екеуін Доссордағы бұрғышының көмекшісінің екі айлық оқуына жіберді.

Бұлар оқуларын бітіріп келгеннен кейін № 6 скважинаны қазып жатқан өз бригадасына қайтып келеді. Жетібайда бұл кезде бес бұрғылау станогы жұмыс істеп жатқан. Салық Рысқалиевтің бригадасы бұрғылап жатқан № 2 скважинадан тұңғыш мұнай белгісі алынған еді. Бірақ авариялық жұмыстардың салдарынан оны тұншықтыра тұру қажет болған-ды. Одан кейін көп кідірмей Қайып жұмыс істеп жатқан № 6 скважинаның бағы жанып, 1961 жылдың 5 шілдесінде қуатты мұнай бұрқағы кенеттен атып кетті де, ешкімге ауыздықтауға әл бермей, дүниені дүрліктіріп, соңы оңынан оралып барып басылған. Бұл күн – Маңғыстау үшін «ақ түйенің қарны жарылған күн», барлаушыларды, жалғыз олар емес-ау, бүткіл елімізді шат-шадыман күйге бөлеген күн.

Қайып аға сол тарихи күнді еске алады. Оның аусымы соның алдында ғана, яғни 4 шілде күнгі түнгі аусымнан таңертеңгі сағат 08.00-де шығып, демалуға кеткен болатын. Бригада төрт аусыммен жұмыс істейтін. Бірінші аусымның бұрғышысы Шонтыбаев Сабырбай еді. Қайып осында бұрғышының бірінші көмекшісі болды, кейде бұрғышының қызметін де атқара беретін-ді. Екінші аусымның бұрғышысы Қалиев Бідән, үшіншінікі – Бәжіков Бисенғали, төртіншінікі – Берікбосынов Кемелхан еді.

– Бұрқақ 5 шілдеге қараған түнгі сағат 22.00 шамасында Бисекеңнің (Бәжіков Бисенғали) аусымында атты ғой. Жобалық тереңдікке жетіп тоқтаған бұл ұңғыға таяуда колон жіберілген еді. Біздің аусым алдында ғана оған насостық компрессор тұрбаларын жіберуді бастап кеткен болатын, – дейді Қайып аға.

Бұлардың еншісіне шамалы тұрба ғана қалған еді. Басқару пультінде тәжірибелі бұрғышы Бисенғали тұрған. Аусымдағылар: «Жігіттер, Бисекең тұрғанда жұмысымызда ақау болады екен деп ойламаңдар, бұл шал талай асау фонтандарды ауыздықтаған шал!» – деп, өздеріне сүйеу көретін. Шындығында да оның көмекшілерінің бәрі де бұрын жер астынан мұнай шығарып көрмеген сарыауыз балапандар десе болатын. Кенет маңайды жер асты тұңғиығынан ышқына шыққан шуыл басып кетеді. Мынау жарық дүниеде бұрын-соңды өздері естімеген алапат дыбыстан бұрғылау алаңында жүргендердің бойларын үрей билеп, не нәрсе екендерін түсіне алмай, зәрелері ұшып кеткендері шындық еді. Бейне жер сілкініп кеткендей күй кешкен олар. Не болғанын бірінші Бисенғали түсінген. Түсінген де, «қап!» деген. Қасында тұрған жас геолог Тевяшов те бірден түсіне қойды. Осы зор дауыстың артын ала қас қағым сәтте тұрба ауызынан ыстық сұйық ерітінді атқылай жөнелген ғой. Бұл аламат фонтанның қасында биіктігі 41 метрлік алып «Уралмаш -5Д» мұнарасы жас тал шыбықтай дір-дір етіп теңселіп кеткен. Бисекең Ембінің талай мұнай-газ фонтандарын аттырып, ауыздықтаған аса тәжірибелі бұрғышы болатын. Ол қарауындағыларды сабырлылыққа шақырып, сонда да дауысы тарғылдана шығып, тез-тез тапсырмаларын беріп үлгереді. «Кесікбай, Найзабек, тұрбаның ауызына фонтанды арматураның флянс-шайбасын орнатыңдар! Ермұқан дизелдің қасынан шықпа, сөндіруге әзір тұр!» – дейді.

Жұмыс басталар кезде бір нәрсенің қаупін сезген Бисекең инженер-геолог Вадим Тевяшевке: «Тұрба жіберіп жатқан кезде тосыннан мұнай атып кетіп, ашық фонтан жасап алармыз, Вадим, фонтанды арматураға флянс-шайба орнатып алалық» дегенде, оған өзін білімді санайтын жас геолог көнбей, «айтып тұрғаның қайдағы ашық фонтан, тез бітірелік, тұрбаны тоқтаусыз жібере беріңдер!» деген еді. Әрине, флянс-шайба тұрбаларды забойға тез жіберуге кедергі келтіретін. Инженер-геолог деген аты бар, өзінің емес, қарапайым бұрғышының айтқаны айдай келген соң, Тевяшевтың өң-түсі бұзылып, «енді не істейміз» деп Бисенғалиға жүгірген ғой. «Ашық фонтан» деген барлаушылар тілінде «авария, апат» деген сөз. Амал не, жоғары қысыммен атқылаған ыстық ерітіндінің алапат қуаты фонтанды ауыздықтайтын құралды орнатуға бұрғышыларға мүмкіндік бермейді.

Осы кезде сұйық ерітіндінің артын ала мұнай ата жөнеледі. Мұндайда не істеу керектігін жақсы білетін тәжірибелі бұрғышы Б. Бәжіков өрт қауіпсіздігін сақтап моторды сөндіртіп үлгереді...

– Таң ата бригаданың барлық мүшелері ұңғы басына жиналдық. Мұнара қара мұнайға шомылып тұр. Қуанышымызда шек жоқ. Бетімізді мұнайға жудық. «Өрт болады-ау» деген қауіп біріміздің ойымызда болсайшы. Бәріміздің де жылтыраған көздеріміз бен ақсиған тістеріміз ғана көрінеді. Әп-сәтте мұнара жанындағы ойпаңда қап-қара мұнай көлі пайда болды. Бірнеше бульдозер мұнай үшін қойма-науалар қазып та үлгерді...

Маңғыстау өлкесінен шыққан алғашқы бұрғышылардың бірі, «Қазақстан Республикасы жер қойнауының құрметті барлаушысы», бүгінгі зейнеткер Қайып Азанбаев өзінің жалынды жастық шағының өшпес қолтаңбасы боп қалған осы бір ұмытылмас оқиғаны айтудан еш жалығып көрген емес.

– Фонтан атқан сол күні «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің бас инженері Асабай Хисметов Жетібайда болатын,- деді ол. - Трест тарапынан бұрқақты тез арада ауыздықтаудың шұғыл шаралары алынды. Бұл жұмыстарға осы саланың білгірлері, талай атылған бұрқақтарға қалай бас білдіру жолдарын бастарынан кешірген инженерлер Тәжиев Хасан, Үсенов Дүйсен, Алдақов Хасан басшылық жасады.

6 шілде күні таңертеңгі сағат 8-де бұрқақты ауыздықтау жұмысын бірінші болып Сабырбай Шонтыбаев бастаған Қайыптың вахтасы бастап кеткен. Содан әрбір 20 минут сайын 80 градустық ыстық мұнай бұрқағы астында арпалыс басталған. Құрылғы от ұшқынын шығармайтын жұмсақ жезден жасалған кілтпен қолмен бұралды. Әйтпесе әр секундта өрт шығу қаупі төніп тұрған. Үш күнге созылған жан беріп, жан алысқан арпалыстан кейін асау бұрқақ ауыздықталып, адамның дегеніне бас ұрған.

Қайып кейін Қазан Революциясының 60 жылдығы атындағы кешенді экспедиция атанған Еңбек Қызыл Ту орденді «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінде 17 жасынан бастап табан аудармастан 38 жылға жуық жұмыс жасап, ыстығына күйіп, суығына тоңыпты. Осы жылдар ішінде Маңғыстау өңірінде оның бұрғысы тимеген алаң жоқ десе де болады. Егер атап айтар болсақ оның қатысуымен ашылған Жетібай, Ақтас, Қарақұдық, Қаражанбас, Қаламқас, Сазтөбе, Бекболат, Нысанов кенорындарынан отандық кәсіпорындар мұнай мен газды көптеп өндіріп жатса; ал Қансу, Жаңбыршы, Өліқолтық, Комсомол кенорындарын «қаржы салушылар» игеріп жатыр. Сондайақ ол бұрғылаған Түбіжік, Қызан, Имағанбет, Қарасазтасбас, Ақсексеуіл, Бірінжік, Бегеш, Ердалы, Аманжол, Терешкова, Николаев, Ащытайпақ, Астауой алаңдарына бұрғы салғандардың құрамында шаршамай жүріп, бұл алаңдардан мұнай-газ көздері табылмаса да геология ғылымына қажетті, құнды материалдар алуға мүмкіндіктер тудырды.

Қайып өндірістен қол үзбей жүріп, Саратов мұнай техникумын «Мұнай, газ ұңғыларын бұрғылау» мамандығы бойынша бітіріп алды. Экспедицияның қоғамдық жұмыстарына белсенді араласты, бастауыш партия ұйымына хатшы, ауылдық, аудандық кеңестерге депутат болып сайланды. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалімен, «Қазақстан мұнайына-100 жыл» төс белгісімен, өзге де грамоталармен марапатталған. ҚР жер қойнауының құрметті барлаушысы, «Нұр Отан» ХДП мүшесі. Әрине Қайып ол кезде ешқандай да награда тілемей, басшылары қайда жұмсаса сонда барып, бар мақсаты Отанымыздың энергетикалық қуатын арттыруға хал-қадірінше өз үлесін қосу болған еді.

Осындай өлкемізге сіңген еңбегі ерен адагер барлаушы-мұнайшыны, Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы қарсаңында мемлекеттік наградаға ұсынып, «Ақтау қаласының құрметті азаматы» атағын берсе еш артық болмас еді-ау деп ойлаймыз.

**Айтуар Өтегенов,**
**Тойған Тасқынбаева**

МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНА 50 ЖЫЛ

# МҰНАЙЛЫ МАҢҒЫСТАУ: ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

**Маңғыстау мұнайының 50-жылдығы қарсаңында, «Мұнайлы Өлке» газетінің оқырмандарын сол кездегі алғашқы ашушылардың еңбек күндері туралы баяндайтын мұрағат материалдарымен таныстыруды жалғастырамыз.**



ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ Гурьев облыстық Советінің АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ Гурьевского облсовета ДЕПУТАТОВ ТРУДЯЩИХСЯ

Гурьев қаласы
г. Гурьев

„28" марта 1950 г.
№ 5-10

ПРЕДСЕДАТЕЛЮ
исполкома Шевченковского райсовета
депутатов трудящихся
тов. ...НОВУ

По плану разведки новых нефтяных месторождений, в текущем году организуется Мангышлакская экспедиция, в связи с чем Всесоюзный нефтяной научно-исследовательский Геолого-разведочный Институт Министерства нефтяной промышленности Союза ССР отправляются во II-квартале 1950 г. экспедицию к месту работ на полуостров Мангышлак.

В целях успешного проведения экспедицией запланированных работ, исполком Гурьевского областного Совета депутатов трудящихся поручает Вам, по возможности, оказывать экспедиции необходимую помощь.

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ
исполкома Гурьевского облсовета
депутатов трудящихся: /С.ШАРИПОВ/

р71, 1, 679



УПРАВЛЯЮЩЕМУ ТРЕСТОМ "МАНГЫШЛАКНЕФТЕГАЗРАЗВЕДКА"

тов. ДМИТРИЕВУ Л.А.

9 апреля 1963 г.
№ ГО-187
г. Гурьев

РАСПОРЯЖЕНИЕ

Начиная с апреля месяца с/года ежемесячную информационную сводку о промышленном опробовании нефтяных и газовых горизонтов по тресту направляйте в три адреса:

I. Западно-Казахстанскому геологическому управлению
2. Министру геологии и охраны недр Каз ССР тов. Есенову Ш.Е.
3. Зам. председателя Государственного геологического Комитета СССР тов. Кузьменко В.И.

Начальник Западно-Казахстанского геологоуправления.- Е.ИВАНОВ.

ТК



Группа участников Слета молодых нефтяников, сост. в 1968г в г. Шевченко



Тогжанов Ж., буровой мастер КЭМНГР, со своей бригадой



Первые инженерно-технические работники нефтепромыслового управления



Отправка танкера Джебраил в октябре 1966 г.



Петров Н.М., буровой мастер КЭМНГР, работ. с 1959 г., первопроходец.

Бетті дайындаған:
Е. Сұлтанов,
М. Абдуллаева,
А. Ақшаева

P. S.
Ұсынған материалдары үшін Маңғыстау облысының мұрағаттар мен құжаттама басқармасы «Маңғыстау облысының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесіне алғысымызды білдіреміз.

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**60 жас**

**Ізжанов Салихан,** 15.06.1951 ж. КД жүргізушісі

**55 лет**

**Тенишева Татьяна Владимировна,** 23.06.1956 г. ДКС Начальник отдела

**50 жас**

**Бисеналиев Әли Оразбайұлы,** 02.06.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ПҚЖПЦ электргазосварщигі
**Иманғалиев Сырым Сабырұлы,** 05.06.1961 ж. ҚҚ әскериленген күзет инспекторы
**Өтенова Балым Дінбайқызы,** 06.06.1961 ж. КМДжӨЦ құрғату және тұздан тазарту қондырғысының операторы
**Қарабалаев Сырым Балмұханұлы,** 08.06.1961 ж. ПҚЖПЦ стропальщигі
**Нұрмағанбетова Светлана Тауманқызы,** 11.06.1961 ж. ӨД жетекші инженер
**Майланов Күбірбай Ақмолдаұлы,** 12.06.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ МГӨЦ-2 мұнай және газ өндіру операторы
**Түметова Айша Қабылқызы,** 13.06.1961 ж. МжМӨД жанар-жағармай бекеті операторы
**Қарабеков Сабырбек Мекеевич,** 13.06.1961 ж. КД жүргіушісі
**Нұрғалиева Шолпан,** 15.06.1961 ж. КД өндірістік және қызметтік бөлме күтушісі
**Сағындықов Амангелді Мылжықұлы,** 21.06.1961 ж. КД көлік жөндеу слесарі
**Таспаева Айсұлу Жайманқызы,** 22.06.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ҒЗӨЖЦ химиялық талдау лаборанты

# БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

| | |
|---|---|
| Генеральный директор | - Бас директор |
| Первый заместитель генерального директора | - Бас директордың бірінші орынбасары |
| Заместитель генерального директора по экономике и финансам | - Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары |
| Заместитель генерального директора по коммерческим вопросам | - Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары |
| Заместитель генерального директора по юридическим и кадровым вопросам | - Бас директордың құқықтық және кадрлар мәселелері жөніндегі орынбасары |
| Заместитель генерального директора по производственным вопросам | - Бас директордың өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары |
| Заместитель генерального директора по геологии и геофизике | - Бас директордың геология және геофизика жөніндегі орынбасары |
| Заместитель генерального директора по социальным и административным вопросам | - Бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары |
| **Департаменты, Управления и Службы** | - **Департаменттер, Басқармалар мен Қызметтер:** |
| Департамент маркетинга и сбыта нефти | - Маркетинг және мұнай өткізу департаменті |
| Департамент закупок и материально-технического снабжения | - Сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау департаменті |
| Финансовый департамент | - Қаржы департаменті |
| Департамент бизнес – планирования и экономического анализа | - Бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаменті |
| Департамент административных вопросов и социального развития | - Әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаменті |
| Департамент управления человеческими ресурсами | - Адам ресурстарын басқару департаменті |
| Департамент правового обеспечения и корпоративного управления | - Құқықтық қамсыздандыру және корпоративтік басқару департаменті |
| Департамент техники безопасности, охраны труда и охрана окружающей среды | - Техникалық қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті |
| Департамент геологии и разработки месторождений | - Геология және кенорындарын пайдалану департаменті |
| Производственный департамент | - Өндірістік департамент |
| Департамент капитального строительства | - Күрделі құрылыс департаменті |
| Департамент автоматизации, информационных технологий и связи | - Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаменті |
| Транспортный департамент | - Көлік департаменті |
| Маркшейдерская служба | - Маркшейдерлік қызмет |
| Центральный инженерно-технологический департамент | - Орталық инженерлік-технологиялық департамент |
| Служба безопасности | - Қауіпсіздік қызметі |
| Производственное управление «Каламкасмунайгаз» | - «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы |
| Производственное управление «Жетыбаймунайгаз» | - «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы |
| Противопожарная служба | - Өртке қарсы қызмет |
| Служба гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций | - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметі |
| Отдел бурения и ремонта скважин | - Бұрғылау және ұңғыларды жөндеу бөлімі |
| Отдел главного механика | - Бас механик бөлімі |
| Отдел общественного питания | - Қоғамдық тамақтандыру бөлімі |
| Отдел здравоохранения | - Денсаулық сақтау бөлімі |

# БАБАЛАР МҰРАСЫН САҚТАЙЫҚ!

**Киелі өлкеміздің аспан астындағы мұражайға теңелетіні, облыстағы киелі орындар Қазақстанда әйгілі екені баршамызға мәлім. Ата-бабадан қалған асыл мұраны сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу – осы елдің әрбір саналы перзентінің парызы.**




Облыс әкімдігінің тарихи-мәдени ескерткіштерге қоғамдық қамқоршылықты бекіту туралы 2006 жылғы 30 маусымдағы №221 «Тарихи және мәдени ескерткіштерге қоғамдық қамқоршылықты бекіту туралы» қаулысымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тарихи-мәдени ескерткіштер «Сейсем-Ата» қауымына, Тобықты жеріндегі «Бекет Ата» жер асты мешітіне және «Қызыл қала» археологиялық орнына қамқоршы болып бекітілген. Осы қаулы аясында Қоғам тарихи-мәдени ескерткіштерге бірнеше рет барып, сенбіліктер өткізіп, абаттандыру жұмыстарын бастады. 2009 жылдан бері бұндай жұмыстарды «Сейсем Ата» және «Бекет-Ата» жер асты мешітінде жүргізген еді. 2010 жылы «Сейсем Ата» қауымын реставрациялауға Қоғам 5 млн. теңге бөлді, биылғы жылы да осындай көлемде қаржы бөлінді. Биыл 2011 жылдың сәуір айында «Қызыл қала» археологиялық орнына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әлеуметтік мәселелер және жұртшылықпен байланыс бөлімінің бастығы Қартбай Аманжол мен әкімшілік мәселелер жөніндегі бөлімнің өндірістік-техникалық қызмет бастығы Епен Майрамбай басшылығымен осы орындарда ауқымды іс атқарылды, соның ішінде қорғау тақтасы мен жол белгілері орнатылды. Жалпы алғанда, осы шараға 200 000 мыңға жуық қаражат жұмсалды. Келешекте осы тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау ісіне демеушілік көмек көрсету жоспарланды.

**А.Ақшаева**
**М.Абдуллаева**



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Еснazар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева, М.Абдуллаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 211-734

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"Маңғыстау-Полиграф" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 605299 Тапсырыс: 736